
Қош келдіңіздер!

№ 25 орта жалпы білім беретін мектебі

***Нургайша Махуетовна Калиева***

***4 “Б” сынып***

# Әдебиеттік оқу







# «Қыс» Абай Құнанбаев

**Сабақтың мақсаты:**

*Білімділік.* Оқушыларды қазақ халқының ұлы ақыны Абай шығармаларын оқып үйренуге баулу. Бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейтуге көмектесу.

*Дамытушылық.* Оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып, өздіктерінен жұмыс істеу, іздену, білім, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

*Тәрбиелілік.* Туған жер табиғатын сүюге және қорғауға, ұқыптылыққа, тапқырлық пен ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, тіл дамыту, шығармашылық жұмыс, ой қозғау.

**Сабақтың түрі:** дамытушылық, жаңа білім беру.

**Сабақтың көрнекілігі:** Абайдың портреті, қыс суреттері, жаңа сабақ бойынша сұрақтар мен тапсырмалар, оқулық.

# Психологиялық дайындық

Әдебиетім ардақты,
Дамытар мені жан-жақты.
Өз тілімде сөйлесем,
Ойым менің салмақты.

# Сәлемдесу

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Сәлем бердік сіздерге
Құрметпенен біз.


Сабақта тәртіп сақтау
Мұғалімді мұқият тыңдау
Ереже
Ойыңды батыл айту
Досының пікірін құрметтеу

# «Ой қозғау» стратегиясы

## Сөзжұмбақ шешу

1. Қыста ғана болады
Ұстасаң, қолың тоңады.

2. Мұрны жоқ шымшық мұз тесер.

3. Жылт–жылт еткен,
Жырадан өткен.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | қ | а | р |
| 2 | т | а | м | ш | ы | | |
| | | | | 3 | с | у | |


Қыс мезгілі

# Абай Құнанбаев





# Топ аттарын қою












# Сөздік жұмыс

- *Соқыр-мылқау* – түк көрмейтін.
- *Оқшырайтып* – бір шекесіне сәндеп кию.
- *Шидем* – жұқа тоқылған сырт киім.
- *Ұлпа* – жеңіл, жұқа қар.
- *Бұрқ-сарқ* – қатты дауыл, боран.
- *Алты қанат ақ орда* – алты керегелі үлкен үй.

# Сергіту сәті

- Далада қар борайды,
- Ақ мамыққа орайды.
- Мұз болады, қатады,
- Жып-жылтыр боп жатады.
- Аралайды бақшаны,
- Үзілмейді жақсы әні.
- Жауса жаусын ақша қар,
- Гүлдененеді бақшалар.

# *Өлеңнің ішкі мәнін сұрақ - жауап арқылы ашу*

- 1. Автор қысты кімге теңеп тұр?
- 2. Шалдың киімдері қандай?
- 3. Киім деп отырғаны не?
- 4. Автор суреттеп отырған шалды кімге ұқсатуға болады?
- 5. Өлеңдегі шалдың мінезі қандай?
- 6. Соқыр-мылқау дейтін себебі не?
- 7. Түрі, түсі қандай?
- 8. Түсі суық дегенді қалай түсінесіңдер?
- 9. Малшы туралы не делінген?
- 10. Балалар туралы не делінген?

# «Жұлдызды сәт» ойыны (тест)

1. Абай атамыз қай жылы туған?

а) 1855 жылы; ә) 1845 жылы;

б) 1945 жылы.

2. Қай жерде туылды?

а) Семей; ә) Алматы;

б) Торғай.

3. Әкесінің аты кім?

а) Ырғызбай; ә) Құнанбай;

б) Өскенбай.

4. Абай қай рудан?

а) Жігітек; ә) Бөкенші;

б) Тобықты.

5. Анасының, әжесінің аттары кім?

а) Әйгерім;

ә) Зере;

б) Ұлжан.

6. Автор қысты кімге теңейді?

а) бала;

ә) әйел;

б) шал.

7. Малшының киген киімі?

а) шапан;

ә) шидем;

б) ішік.

# «Қарлы кесек» ойыны



# Желсіз түнде жарық ай

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп. 2 рет

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің, топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі. 2 рет

Желсіз түнде жарық ай

Аспаныңыз ашық болсын Түніңіз тыныш болсын Ауаңыз таза болсын Суыңыз мөлдір болсын Адам сау болайық!!!

# Назарларыңызға рахмет!!!

